

Ушатов Марат Әбдікаламұлының 6D010300–Педагогика және психология мамандығы бойынша философия докторы /PhD/ дәрежесін алу үшін жазылған «Педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің лидерлік әлеуетін дамыту» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысына рецензенттің

П І К І Р І

1.Зерттеу тақырыбының өзектілігі мен оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен(практиканың және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы

Заманауи Қазақстан қоғамы бір жағынан экономикалық қатынастардың тұрақсыздығымен, еңбек нарығындағы артып жатқан бәсекелестікпен, екінші жағынан білім саласындағы халықаралық ынтымақтастықтың кеңеюімен және сапалы өзгеріспен, Қазақстанның Болон үдерісіне қосылуымен сипатталады. Бұл жағдайларда дербес және саналы түрде шешім қабылдауға қабілетті, басқа адамдармен дұрыс өзара қарым-қатынас орнатуға, топта жұмыс істей алатын, яғни, лидерлік қасиеттерді таныта алатын білікті және белсенді мамандарға сұраныс арта түсуде.

Бұл жас мамандарды өздерінің жеке және іскерлік қасиеттерін өзіндік таныстыруға дайын болуға, өздерінің лидерлік мүмкіндіктерін дамыту мен жетілдіруге мәжбүр етеді. Осы міндеттерді шешудегі ерекше рөл білім беруге жүктеледі, оның жалпыұлттық мүдделері жаңғырту тұжырымдамасында көрініс табады және мамандарды даярлауда сапалы параметрлерге бағдарланумен, оқытуда инновациялық технологияларды қолданумен, жоғары оқу орындарында білім беру қызметінің нәтижелерін бағалауда құзіреттілікті тәсілдемемен байланысты болады.

Бұл тұрғыда студент тұлғасының жоғары оқу орнының біртұтас педагогикалық үрдісінде лидерлік әлеуетін дамыту мәселесі ерекше өзектілікке ие болады. Жоғары оқу орнының біртұтас педагогикалық үрдісінде студенттердің лидерлік әлеуетін дамыту білімалушы тұлғасының ішкі әлеуетін дамытуға ықпал ететін, оны бағдарландыратын және түрлендіретін, тұлғаның өз іс-әрекетін қоғамның негізгі құндылықтары мен дәстүрлеріне бағдарлайтын заманауи қоғамның талаптарына сәйкес шынайы талдауға мүмкіндік беретін, рухани және адамгершілік қасиеттерін дамытуға көмектесетін негізгі фактор болып табылады. Осыған орай, студенттердің лидерлік әлеуетін дамыту өзекті мәселелер қатарына жатады.

2. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық дәрежесі

Ізденуші Ушатов Марат Әбдікаламұлы ғылыми зерттеу барысында диссертацияда қойылған міндеттерге сәйкес мынадай нәтижелерге қол жеткізген:

1. Студенттердің лидерлік әлеуетін дамытудың теориялық негіздерін айқындаған;

2. «Студенттің лидерлік әлеуеті» ұғымының мәнін нақтылаған;

3. Педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің лидерлік әлеуетін дамытудың моделі жасалып, оның компоненттері, өлшемдері, көрсеткіштері мен деңгейлерін анықтаған.

4. Педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің лидерлік әлеуетін дамытудың әдістемесін жасаған.

Бірінші нәтиженің шынайылығы диссертанттың философия, психология, педагогикалық әдебиеттердегі мақұлданған және таралған лидерлік теориясының эволюциясы негізінде тұлғалық сипаттамалар теориясы, лидерліктің жағдайлық теориялары, тұлғалық – жағдайлық теорияларды талдауымен қамтамасыз етілген. Сонымен қатар, шетел және отандық ғалымдардың еңбектеріндегі «лидер», «лидерлік» ұғымдарына жасалған контент –талдауы олардың жан-жақты әрі мазмұнды сипатталуы мен автордың өзіндік түйіндері бірінші нәтиженің негізділігін дәлелдейді.

Екінші ғылыми нәтиженің шынайылығы диссертанттың ғылыми басылымдардағы «Әлеует» ұғымының контент-талдауы негізінде аталмыш категорияның ғылымның түрлі (гуманитарлық және әлеуметтік-экономикалық) салаларында қолданылуымен, тұлға әлеуеті түрлерінің анықталуымен, студенттердің лидерлік әлеуетінің құрылымы және «студенттің лидерлік әлеуеті» ұғымының нақтылануымен негізделеді.

Үшінші нәтиженің шынайылығы педагогикалық жоғары оқу орындарының студенттерінің лидерлік әлеуетін дамытудың мақсаттық, әдіснамалық, мазмұндық және нәтижелік сияқты төрт блокты қамтыған модельдің жасалуымен дәлелденеді және модельде анықталған студенттердің лидерлік әлеуетін дамытудың компоненттері, көрсеткіштері, деңгейлері, жүйелілік, конструктивті өзара әрекеттесу, өз-өзін жүзеге асыру мен рефлексия қағидаларының негізделуімен анықталады.

Төртінші нәтиженің шынайылығы педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің лидерлік әлеуетін дамытуға бағытталған әдістеменің мазмұнымен дәйектеледі («Лидерлік» атты элективті курс бағдарламасы, студенттерге арналған «Көшбасшылар» клубының бағдарламасы, Абай атындағы ҚазҰПУ сайтындағы «Көшбасшылар» клубының электронды парақшасы).

3. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір Ғылыми нәтижесі (қағидасы) мен қорытындысының жаңалық дәрежесі

Жоғарыда қарастырылған әрбір нәтиженің жаңалығына тоқталсақ, *Бірінші ғылыми нәтиженің жаңалығы* ізденуші зерттеу барысында лидерлікке байланысты отандық және шетелдік түрлі тұжырымдар мен пікірлерді қарастырып, «Лидер», «Лидерлік» ұғымдарына қатысты анықтамаларға талдау жасап, өз тұжырымдарымен қорытындылайды.

Екінші ғылыми нәтиженің жаңалығы М.Ушатов зерттеу нәтижесінде жасалған «лидер», «әлеует», «әлеует түрлері» ұғымдарының мәні мен

мазмұнын контент-талдау әдісі арқылы айқындай отырып, «студенттің лидерлік әлеуеті» жетекші ұғымының мазмұнын нақтылаумен дәлелденеді.

Үшінші ғылыми нәтиженің жаңалығы докторанттың зерттеу барысында теориялық тұрғыда - педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің лидерлік әлеуетін дамытудың әдіснамалық негіздері айқындалып, қағидалары, компоненттері мен көрсеткіштері, әдістемесі анықталған модель дайындалып, тәжірибеде сынақтан өткізіліп, тиімділігі дәлелденген.

Төртінші ғылыми нәтиженің жаңалығы автор педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің лидерлік әлеуетін дамытудың ғылыми негізделген әдістемесін жасап, эксперименталдық сынақтан тексеріліп, тиімділігі дәлелденген. Зерттеуші эксперименталдық жұмыс барысында құрастырған эксперименттік зерттеу бағдарламасы, эксперимент кезеңдері, оқытуды ұйымдастырудың қағидалары, формалары, құралдары мен тәсілдері экспериментті өткізудегі жүйелілік пен біртұтастықты көрсетеді.

4. Ізденушінің алған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндетті шешуге бағытталғандығы

Диссертациялық жұмыстағы алынған нәтижелер: теориялық тұжырымдар мен ғылыми-әдістемелік ұсыныстар педагогикалық жоғары оқу орындары мен педагогикалық колледждердің біртұтас педагогикалық үрдісінде пайдалануға болады.

5. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткілікті толықтығына растама

Диссертацияның негізгі қағидалары мен нәтижелері, тұжырымдары мен қорытындысы диссертанттың 13 (он үш) ғылыми еңбекегінде баяндалып, жинақтарда жарияланған.

6. Диссертация мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кемшіліктер

Диссертациялық жұмыста жоғарыда аталған жетістіктермен қатар кейбір кемшіліктер кездеседі:

1. Диссертациялық жұмыстың 1.2 тараушасында қарастырылған «Табысқа жету және сәтсіздіктен қашу уәждері» бойынша студенттердің лидерлік әлеуетін дамытудағы қозғаушы күш ретінде шынайы өмірден белгілі Лидер-тұлғалардың негізінде нақты мысал келтірсе, жұмыстың құндылығы арта түсер еді.

2. Ізденуші зерттеуде педагогикалық жоғары оқу орны мен қатар басқа сала бойынша да (техникалық, энергетикалық, экономикалық) жоғары оқу орындарының студенттерінің лидерлік әлеуетін дамыту мәселесі бойынша салыстырмалы зерттеу жүргізін, айырмашылығын анықтаса, аталмыш мәселенің құндылығы арта түсер еді.

3. Диссертацияда орфографиялық қателер кездеседі.

Көрсетілген кемшіліктер зерттеу жұмысының теориялық және практикалық ғылыми құндылығына нұқсан келтірмейді.

7. Тиісті мамандық бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру мүмкіндігі туралы қорытынды

Сонымен, жоғарыда айтылғандардың негізінде ұсынылып отырған ғылыми зерттеудің орындалу деңгейі, Ушатов Марат Әбдікаламұлының «Педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің лидерлік әлеуетін дамыту» тақырыбындағы диссертациялық жұмысының теориялық және практикалық маңыздылығы ҚР БЖҒМ-нің Білім және ғылым саласындағы бақылау Комитетінің «Ғылыми дәрежелер беру тәртібі туралы Ережелерінің» талаптарына сәйкестігін негізге ала отырып, оның авторына 6D010300 – «Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы /PhD/ дәрежесін беруге болады деп санаймын.

**Рецензент, Қ.А.Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік университеті,
философия докторы (PhD)**



Б.М.Баймуханбетов
Қ.А.Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік
университеті
Кадр бөлімінің
бастығы